

"Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 608 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 228-жолда:

5-баған мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) "Қорқыт Ата" АЭА басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы, "Қорқыт Ата" АЭА басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты – Қызылорда облысы";

реттік нөмірі 288-жолда:

5-баған мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) "ОҢТҮСТІК" аймақтық инвестициялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы, "ОҢТҮСТІК" аймақтық инвестициялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты – Түркістан облысы";

реттік нөмірі 291-жолда:

5-баған мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) "ОҢТҮСТІК" аймақтық инвестициялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

10) "Ырыс" микроқаржы ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы, "Қант өндіруші кәсіпорындарға қант қызылшасын өңдеу үшін айналым қаражатын толықтыруға кредит беру" бағыты бойынша – Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстары, "Қалалық қызметтер орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты – Астана қаласы, "ОҢТҮСТІК" аймақтық инвестициялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне және "Ырыс" микроқаржы ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты – Түркістан облысы".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК